

## **Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы Макаров ауылдық округі Садовое ауылының көшелерін қайта атау және атау беру туралы**

Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы Макаров ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 23 тамыздағы № 44 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 31 тамызда № 29327 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Садовое ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып және облыстық ономастика комиссиясының 2021 жылғы 28 сәуірдегі № 1 қорытындысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы Макаров ауылдық округі Садовое ауылының көшелері қайта аталсын:

- Торговая көшесін Сарайшық көшесіне;
- Колхозная көшесін Жайық көшесіне;
- Садовая көшесін Алмалы көшесіне;
- Строителей көшесін Үміт көшесіне;
- Строительная көшесін Бейбітшілік көшесіне;
- Нижняя Садовая көшесін Ақжайлау көшесіне;
- 3.Космедемьянская көшесін Достық көшесіне.

2. Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы Макаров ауылдық округі Садовое ауылының атауы жоқ көшелеріне келесі атаулар берілсін:

- №2 көшеге - Арай көшесі;
- №3 көшеге - Арман көшесі;
- №4 көшеге - Балауса көшесі;
- №5 көшеге - Жұлдыз көшесі.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Макаров ауылдық округінің әкімі*

*Е. Абилкакимов*